

XҒТАР 37.01.574

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-8940.12>

*А.А. Иманбаева **

*саяси ғылымдарының кандидаты
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ. Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада девианттық мінез-құлық ұғымы, оның түрлері мен қазіргі қоғамдағы кеңінен таралған сипаттарына талдау жасалынып, оның әлеуметтік, биологиялық және психологиялық факторлары да қарастырылады. Сонымен қатар, девианттық мінез-құлықтың түрлеріне сипаттама бере отырып, оның еліміздегі қалыптасу жолдарына да шолу жасалған. Девианттық мінез-құлық деп саналмайтын кейбір қоғам үшін қалыпты саналатын мәселелерге талдау жасайды. Қоғам үшін зиянды саналатын девианттық мінез-құлықтың алдын алу шараларын қарастыруды да ұсынады. Мақалада ауытқыған мінез-құлықтың жас талғамайтындығына да тоқталған. Қылмыс әлеміне итермелейтін әртүрлі факторларға талдау жасалынған. Қылмыстың сипаты мен түрлерін ажыратып көрсеткен. Сонымен бірге, мақалада қазіргі кездегі еліміздегі ауытқыған мінез-құлық мәселесінің өзектілігіне қатысты басқа да мәселелердің бар екендігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: девианттық мінез-құлық, делинквенттілік, суицид, криминалды мінез-құлық, еліктеушілік, тұқымқуалаушылық нашақорлық, маскүнемдік.

*Иманбаева А.А. **

*кандидат политических наук
Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В предлагаемой научной статье анализируется концепция девиантного поведения, его типы и распространенные характеристики в современном обществе, а также его социальные, биологические и психологические факторы. Кроме того, дан обзор способов девиантного поведения в стране, описываются типы девиантного поведения. Анализируются проблемы, которые считаются нормальными для некоторых обществ и не считаются девиантным поведением. Также рекомендуется рассмотреть меры по предотвращению девиантного поведения, наносящего вред обществу. В статье также указывается, что девиантное поведение не соответствует возрасту. Сделан анализ различных факторов, которые способствуют криминальному миру. Показано различие характера и видов преступлений. В то же время в статье отмечается, что есть и другие вопросы, связанные с актуальностью проблемы девиантного поведения в нашей стране сегодня.

Ключевые слова: девиантное поведение, преступность, суицид, преступное поведение, имитация, наследственность, наркомания, алкоголизм.

*A.A. Imanbayeva **

*candidate of political science
Kazakh Academy of Sports and Tourism
Almaty, Kazakhstan*

PROBLEMS OF DEVIANT BEHAVIOR IN KAZAKHSTAN

Abstract

The proposed scientific article analyzes the concept of deviant behavior, its types and common characteristics in modern society, as well as its social, biological and psychological factors. In addition, an overview of the ways of deviant behavior in the country is given, the types of deviant behavior are described. Problems that are considered normal in some societies and are not considered deviant behavior are analyzed. It is also recommended to consider measures to prevent deviant behavior that is harmful to society. The article also points out that deviant behavior is not age appropriate. The analysis of various factors that contribute to the criminal world is made. The difference in the nature and types of crimes is shown. At the same time, the article notes that there are other issues related to the relevance of the problem of deviant behavior in our country today.

Keywords: deviant behavior, crime, suicide, criminal behavior, imitation, heredity, drug addiction, alcoholism.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану процесі белең алған кезде, әлем елдерінен жеке бөлініп қалу мүмкін емес. Әлеуметтік желі арқылы жылдам таралатын ақпараттар легін қоғамнан жасырудыңда еш негізі жоқ. Сондықтан күнделікті қоғамда болып жатқан әртүрлі сипаттағы оқиғалар халық арасында жедел таралып жатыр. Жалпы отандық ғалымдар үшін девианттық мінез-құлық тақырыбы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Күн өткен сайын девиация қазіргі кездегі әртүрлі жаңарған терминологиялармен толығуда. Бұл бүкіл әлем үшін алаңдатарлық жағдай. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, күні бүгінге дейін бұл тақырыптар бойынша отандық ғалымдар ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. Дегенменде, жаңарған жаңа қоғамда бұрын-соңды қолданылмаған санамызға жат болсада, жаттандыға айналып бара жатқан ұғымдармен толығып жатыр. Девианттық мінез-құлық өте ауқымды тақырып екенін ескере отырып, біз өз зерттеуімізде девиациядағы қылмыс және суицид мәселесін қарастырамыз.

Зерттеудің әдістері. Аталған мақалада жүйелеу, талдау, салыстырмалы, тарихи, әлеуметтік, болжамдық, ғылыми объективтілік тәсілдері пайдаланылды. Теориялық-әдіснамалық ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, қоғамда болып жатқан шынайы әлеуметтік құбылыстар мен картиналармен ұштастыра отырып, соның негізінде ғылыми мақала орындалды.

Нәтижелер мен талқылау. Девианттық мінез-құлықтың анықтамасына тоқтала отырып, олардың жіктелуі мен қоғамда кең таралған түрлеріне сипаттама беріп өткен жөн деп есептейміз. Негізінен алғанда девиация бірнеше типтен тұрады: **девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық.**

Девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды. Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады [1]. Байқағанымыздай, қазіргі қоғамдағы көптеген мәселелер девиацияға жататындығын аңғаруға болады. Әрине девианттық мінез-құлықтың қалыптасуына психологиялық, биологиялық және әлеуметтік факторларда ықпал ететіндігі белгілі. Көбінесе, психологиялық факторларда қоғамда өз орнын таба алмаған, өзіне елдің назарын аударту мақсатында субмәдениет ерекшеліктерін қалыптастырған азаматтардың іс-әрекетінен байқаймыз. Бұл дегеніміз, тұтастай субмәдениет өкілдерін девиацияға жатқызу дегенді білдірмейді. Себебі, субмәдениет өкілдерінің басым көпшілігі сән және өзінше ешкімге ұқсамайтын стильдің табыну әлеміне еліктеуден туындаса, екінші бір бөлігі шыныменде қылмыс әлеміне еліктеу арқылы өз артықшылықтарын көрсетуге ұмтылады. Мұндағы қылмыс әлеміне еліктеуші субмәдениет өкілдерін, контрмәдениет өкілдері деседе болады. Ал қылмыс әлемі жоғарыда көрсетілгендей девиацияға жатады. Контрмәдениеттің өкілдері әртүрлі экстремистік бағыттағы діни ағымдарға өтіп кетуіменде ерекшеленеді. Психологиялық тұрғыдан ішкі сенімін қалыптастырып алған мұндай дін ағымдарының табынушыларын қоғамға қайта бейімдеу үлкен қиындықтарға алып келеді. Жалпы девианттық мінез-құлықтың жас, жыныс, ұлт талғамайтында сипаттары бар. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінездің кейде ересектер арасында да орын алып жататындығы жасырын емес. Әлеуметтануда ауытқыған мінез-құлық туралы ғылыми тұрғыдан теориялық жағынан зерттеген американдық, француз ғалымдарының еңбектерінде атап өткеніміз жөн. Олар бұл тақырып бойынша нақты дәлелдермен зерттеулер жүргізіп анықтамалар берген [2].

Біздің қарастыратынымыз қазақстандық тәжірибеде девианттық мінез-құлықты қалыптастырудағы – тәрбие мәселесі. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, қазақ даласында «тентектік», «еркелік», «сотқарлау» деген ұғымдардың қолданыста болғандығынан бөлек, ақыл-есіндегі кемдіктің жағдайларынан тарихи шығармалар мен әдеби романдардан кездестіреміз. Ал бүгінгідей шектен шыққан, бүкіл қоғамның мәселесіне айналып кеткен мәселелер – ұлттық тәрбиеде болмаған. Девианттық мінез-құлықтың қалыптасуына – әлеуметтік, биологиялық, психологиялық факторларда әсер етеді деп көрсетіп жатсақта,

оның ішінде – тұлғаның бойындағы мінездің қалыптасуына отбасындағы – тәрбиенің де рөлі зор. Еліміздегі жүргізілген әлеуметтанулық сауалнамаларда көптеген азаматтардың отбасына әсіресе бала тәрбиесіне келгенде олқылықтар танытып жататындығын анықтаған. Дегенмен, әр отбасы бала тәрбиесіне келгенде өзіндік адами құндылықтармен тәрбие беруге тырысады, десекте қазіргі материалдық қажеттіліктер тұрғысынан отбасын бірнеше жұмыс істеп жалақы табуға тырысқан ата-аналар тәрбие мәселесіне келгенде осалдық танытып жатқаны шынайы ақпарат. Девианттық мінез-құлық әр отбасының ғана емес, тұтастай қоғамның мәселесі екендігін атап көрсетсекте, қоғам әр отбасының мүшелерінен тұратындығын ескерген жөн.

Девианттық мінез-құлық көп жағдайда адамдардың өзінің әлеуметтік таңдауы деседе болады, мәселен қалыпты әлеуметтік мінез-құлықтың мақсаттары оларға жетудің мүмкіндіктері төмендегенде адамдар өзінің мақсаттарына қол жеткізу үшін басқа құралдарды қолданып кетуі мүмкін. Мәселен, кейбір адамдар билікке немесе атаққа, байлыққа, әлеуметтік тыйым салынған заңсыз әрекеттерді таңдап құқық бұзады немесе қылмыскер атанады. Ал, тағы бір мәселе, кейбір адамдар саналы түрде заңсыздыққа барады. Яғни қоғамдағы заңға бағынғысы келмей, деструктивті әрекеттерге жүгінеді.

Дегенменде зерттеушілердің көпшілігі девианттық мінез-құлықта балалардың және ересектердің тәртібін бөліп шығарады. Батыста жасөспірімдердің қылмыстық әрекетін, «жасөспірімдердің делинквенттілігі» деп атайды; «делинквенттілік» ересектердің қылмыстық әрекеттерімен ерекшеленеді. Басында жасөспірімдер бандалары Батыста пайда болған, Батысқа еліктеу негізінде – Ресейде, Ресейге еліктеу негізінде – Қазақстанда пайда болады. Кейбір бандалық топтарда жасөспірімдердің жетекшілері ересек ер 19-22 жасар жігіттер, 16-18 жасар банда мүшелері «қария», «жауынгер», ал 14 жасарлар – «қабықтар» деп аталады.

Батыста пайда болған құбылыстарға еліктеуші Ресейдің жасөспірімдері өздерін фашистер, «скинхедтер» деп (тақыр немесе тері бас), азиялықтар мен кавказдықтарға, сонымен қатар қазақтарға шабуыл жасайды [3, 160б.]. Қазақстан жағдайында бір қуантарлығы жастар арасындағы фашистік-ұлтшылдық пиғылдағы девианттық мінез-құлықтың орын алмауын атап айта аламыз. Біздің қоғамда батысқа, Ресейге еліктеушілік болғанымен шектен шыққан, қоғамға айтарлықтай зиянын тигізетін фашистік ниеттегі әрекеттер сипатындағы статистикалық мәліметтер жоқ. Дегенменде нашақорлық, түрлі алаяқтықтар мен соның ішінде кибералақтықтардың, қылмыс түрлерінің жаңаруымен олардың белең алуы қоғам үшін үлкен қауіп тудырып отыр. Сонымен бірге, жастар арасында өзге дін ағымына кіріп кету сипаты біздің қоғам үшін үлкен қауіп тудырып отыр.

Девиация терминінің қоғам жағдайына байланысты өзгертін түрлерінің де бар екенін ұмытпаған жөн. Мәселен, Қазақстан қоғамы үшін жат болып саналатын біржыныстылардың (гомосексуализм) некелері, трансгендер, феминизм ұғымдары батыс елдері үшін Голландия, АҚШ сияқты елдерде қалыпты саналады. Ал кейбір елдердегі мәселен, Араб мемлекеттеріндегі көпнекелік (бірнеше әйел алушылық) сипат, батыс әлемі үшін заңсыздық болып есептеледі. Бұдан түйетініміз, кейбір елдер үшін девиация болып саналатын ұғым, сол елдің жергілікті халқының менталитетіне байланысты қалыптасатындығының бір белгісі деп есептеуге болады. Сонымен қатар, қазіргі кездегі елімізде кеңінен таралып кеткен жемқорлық (парақорлық), біреудің дүниесін заңсыз өз атына рәсімдеп алу сияқты пайдакүнемдік мақсатындағы заңсыз әрекеттер көптеп кездесуде. Ең күрделісі, осы аталған ауытқушылықтың алдын алу мәселелері болып отыр. Қоғамдағы кедейшілік, жұмыссыздықтың көбеюі, екінші біреулердің баю мақсатындағы әрекеттерін алдын алу үшін, әлеуметтануда маңызды болып саналатын біз ең бірінші отбасы институты деп есептейміз. Біз жоғарыда атап өткен факторлардың ықпалы басым болғаныменде қазақ қоғамы үшін отбасы құндылықтары көп жағдайда шешуші рөл атқаратындығы белгілі.

Ал, қоғамдағы өршіп тұрған қылмыс әлеміне келсек, оның девиациялық бастаулары әртүрлі болуы мүмкін. Қылмыс әлемінде «еліктеушілік» деген ұғымды қолдануға болады. Меніңше, еліктеушілік – деп адам өзгенің бойындағы қасиеттерді өзінен артықшылықтар санап, саналы түрде сол адамның бейнесін «көшіру» арқылы өз мінезінде өзгенің көшірмесін қалыптастыруы деп есептеймін. Еліктеу арқылы қоғамдағы тұлғалардың жағымды және жағымсыз мінездерінің түрлеріне бейімделудің бар екені анық. Дегенмен девианттық мінез-құлықта негативті (жағымсыз) жақтары басымдық танытады. Бұл арада, жасөспірімдерде болмаса қоғамда азғана жалақыға тәуелді, күнделікті тұрмысқа қажеттіліктерін әрең өтеп жүрген қоғамның төменгі топ адамдарының санасында орын алуы ықтимал.

Анықталғандай, қылмыс әлеміне үйрену дегеніміз, бірінші кезекте жоқшылықтан тез баю мақсатындағы құнығушылықтан туындайтыны сөзсіз. Осы арада әлеуметтанудағы жоғарыда аталған еліктеушілік сипатында жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, еліміздегі 90-шы жылдары рәкеттер мен мафия атаулары батыстағы қылмыс әлеміндегі серкелерге еліктеулермен қалыптасқандығында атап өткен жөн.

Зерттеушілердің жағымсыз ортамен қатынастарды шектеу дегенде, қайта бейімдеу орталықтарын немесе абақты камераларын меңзеп отырғаны түсінікті. Дегенменде, абақтыға түсіп жазасын өтеп келген адамдардың, қылмысқа қайта бейімдеу келетін процесінде зерттеулерде кездестіреміз. Демек, девианттық мінез-құлықтан арылу үшін, адамның өзі саналы түрде заңсыздыққа барудан бас тартып, қоғамда қайта өзін-өзі тәрбиелеуі қажет. Ол үшін меніңше қайта бейімдеу орталықтары абақтыдан шыққан адамдармен әлеуметтік жұмыстар жүргізіп, психологиялық-моралдық тұрғыдан қолдау көрсетуі тиіс. Мұндай орталықтар бюджетке салмақ түсіретіндігін ескерсек, белді меценаттар, кәсіпкерлердің арнайы қолдауымен іс жүзінде мұндай орталықтар жүзеге асырылса, қылмыс әлеміндегі көрсеткіштер үлесін азайтуға септігін тигізері анық. Қайта бейімдеу орталықтарының мақсаты – қылмыс әлемінен келген азаматтарды қоғамға бейімдеп, қайта (рухани тұрғыдан, діни, мәдени және т.б.) тәрбиелеп шығаруы керек.

Ендігі мәселе, девиациядағы биологиялық факторлар. Девиантты мінез-құлық табиғаты мен себептерінің биологиялық түсіндірмесінің көне тарихы бар. ХІХ ғасырда итальяндық дәрігер-психиатр әрі криминалист Чезаре Ломброзо (1836-1909) биосоциологиялық теория ұсынды, бұл теорияда ғалым адамның қылмыстық іс-әрекетін оның анатомиялық құрылымымен байланыстырды. Басты назар аударылған объектілер: бас сүйегі, ми, мұрын, құлақтар, шаштың түсі, татуировка, қолтаңба, терінің сезімталдығы, қылмыскерлердің психикалық қасиеттері [4, 33 б.]. Сонымен қатар, ғалымдардың көпшілігі қылмыскерлікке бейімділіктегі тұқымқуалаушылықтыда жоққа шығармайды. Девианттық мінез-құлықтың маскүнемдік, нашаға бейімділік, қылмыс әлеміне деген қызығушылықтың да тұқымқуалаушылықпен берілетін сипат екендігін де атап өткен. Себебі, жоғарыда келтірілген адамның дене бітіміндегі ерекшеліктер арқылы ғана емес, ауытқушылық мінез-құлықты қалыптастыратын туа бітті мінездердің де генетикалық тұрғыдан берілетіндігі ғылымда дәлелденген. Сондай-ақ, қазіргі кезде педофильдер мен адам ағзаларын сату, тапсырыспен кісі өлтіру сияқты ауытқушылықтар қылмыс әлемінде кең таралған жалпылама ұғымдар қатарын толықтыруда.

Қазіргі уақытта әлем елдерінде кең таралып, болашаққа қауіп төндіретін девианттық мінез-құлықтың бір түрі – суицид. Ғалым Р.Б.Әбсаттаровтың зерттеулерінде көрсеткендей, суицид (өзіне-өзінің қол салуы) – бұл өз өмірінен саналы түрде айырылатын девиантты мінез-құлықтың формасы. Енжар типті ауытқыған мінез-құлықтың бұл формасы шешілмейтін проблемалардан, өмірдің өзінен кетудің тәсілі болып табылады. [5] Әлеуметтанушылардың ішінен суицид мәселесін кеңінен зерттеп қарастырған француз ғалымы Эмиль Дюркгейм (1858-1917) болды. Оның «Өзін-өзі өлтірушілік: әлеуметтік этюд» деген еңбегінде өзіне қол жұмсаудың әртүрлі факторлармен байланысты екендігін талдай келе, оның жыл мезгілдеріменде байланысты екендігін көрсетеді. Ғалым әсіресе, психикалық ауытқушылықтары бар адамдар үшін, көктем және күз мезгілдерінің әсер ету ықтималдығы жоғары екендігіне тоқталған. Сондай-ақ Э.Дюркгейм өзіне қол жұмсаудың әлеуметтік, моральдық, психологиялық, діни, этникалық және т.б. аспектілерін қарастырып, жан-жақты талдаулар жасаған [6, 102 б.]. Суицидтік жағдайлардың елімізде кеңінен таралуына әлеуметтік факторлардың да ықпалы бар екендігі белгілі. Өзіне-өзі қол салу дерегі бойынша ТМД елдерінің ішінде соңғы кездерде Қазақстандағы көрсеткіш өкінішке орай, жоғары деңгейде тұр. Бірінші кезекте, бұл жерде әлеуметтік факторлардың ықпалы екендігін жоққа шығара алмаймыз, дегенменде психологиялық факторлардың да ықпалы болатындығын ескерген жөн. Еліміздегі суицидтік жағдайларды біржолата тоқтатып тастау мүмкін болмасада, олардың алдын алу қажетті шарттардың бірі. Ол үшін біріншіден, мемлекетіміз әлеуметтік қызметкерлердің алатын жалақысын көтеруі қажет. Екіншіден, осы саланың мамандарын даярлайтын орта және жоғары оқу орындарында мемлекеттік грант санын көбейту керек. Үшіншіден, балабақшадан бастап, мектептен ары қарайғы оқу орындарында және кез келген мекемелерде психолог мамандардың санын арттыру арқылы тиімді шеше алады. Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық реформаларды тиімді жүргізу, халықтың әл-ауқатын көтеру арқылы девиацияның үлесін азайтуға мүмкіндік туғызады.

Жалпы девианттық мінез-құлықтың жеке тұлғадағы қалыптасу ерекшеліктері мен психологиялық ықпалы жайлы олардың қоғамдағы соның ішінде қылмыс әлеміндегі жалпы картинасын қалыптастыруда ресейлік Е.В. Змановская [7], А.А. Узеиров [8] және отандық зерттеуші Ш.Қ. Қарабаевтың [9] еңбектерінде кеңінен қарастырылса, В.С. Грехнев [10] девианттық мінез-құлықты педагогикалық тұрғыдан алдын алуға болатындығы туралы мәселелерді көтерген.

Қорытынды. Қорыта келе, девианттық мінез-құлық тек ғана бір фактормен қалыптаспайтындығына көз жеткіздік. ХХІ ғасырда қоғамның күрделі проблемаларының бірі саналатын осы ауытқыған мінез-құлық көптеген қиындықтарға әкелетіндігін дәлелдедік. Бұл тек белгілі бір саланың мамандарының қызметіне ғана байланысты емес, оған жалпы мемлекеттегі жүргізіліп жатқан реформалардың да ықпал ететіндігін нақты айтуға болады. Заңсыздықтың алдын алатын заң болуы шарт және ол қоғамның

мүддесін ескере отырып жүзеге асуы тиіс шаралар болуы керек. Сонда ғана қоғамдағы девианттық мінез-құлықтың алдын алып, оның бәсеңдеуіне өз септігін тигізе алады деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Интернет-ресурс: Девианттық мінез-құлық <https://kk.wikipedia.org>
2. Интернет-ресурс: Особенности социологических теорий девиантного поведения https://spravochnick.ru/sociologiya/otklonyayuscheesya_povedenie_traktovki_otklonyayuschegosya_povedeniya/sociologicheskie_teorii_deviantnogo_povedeniya/
3. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Оқулық. – Алматы, Нұр-Принт 2010. – 169 б.
4. Ақажанова А.Т. Девиантология: Оқу құралы. – Алматы: Нұр-Пресс 2009. – 33-34 бб.
5. Интернет-ресурс: Әбсаттаров Р.Б. Девианттық мінез-құлық. Оның негізгі ерекшеліктері туралы <http://anatili.kazgazeta.kz/>
6. Дюркгейм, Э. Самоубийство. Социол. этюд: пер. с фр. / изд. подгот. Вал. А.Луков. – СПб. 1998. – 496 с.
7. Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): учеб.пособие для студентов. – 5- изд.стер. – М.:Издательский центр «Академия», 2008. – 288 с.
8. Узеиров А.А. Девиантные формы поведения личности: учебно-методическое пособие /– Ростов Н/Д: Изд-во РостГМУ, 2017. – 30 с.
9. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2012. – 616 б.
10. Интернет-ресурс: Грехнев В.С. Девиации поведения людей и педагогические возможности их коррекции <https://www.socionauki.ru/journal/articles/143588/>

References

1. Internet-resurs: Devianttyq minez-qulyq <https://kk.wikipedia.org>
2. Internet-resurs: Osobennosti sociologicheskikh teorij deviantnogo povedeniya https://spravochnick.ru/sociologiya/otklonyayuscheesya_povedenie_traktovki_otklonyayuschegosya_povedeniya/sociologicheskie_teorii_deviantnogo_povedeniya/
3. Sarsenova ZH.N. Aleumettanu. Oqulyq. - Almaty, Nur-Print 2010. - 169 b.
4. Aqazhanova A.T. Deviantologiya: Oqu quraly. – Almaty: Nur-Press 2009. – 33-34 bb.
5. Internet-resurs: Absattarov R.B. Devianttyq minez-qulyq. Onyn negizgi erekshelikteri turaly <http://anatili.kazgazeta.kz/>
6. Dyurkgejm, E. Samoubijstvo. Sociol. etyud : per. s fr. / izd. podgot. Val. A. Lukov. SPb. 1998. - 496 s.
7. Zmanovskaya E.V. Deviantologiya: (Psihologiya otklonyashchegosya povedeniya): ucheb.posobie dlya studentov. – 5- izd.ster. – M.:Izdatel'skij centr «Akademiya», 2008. – 288 s.
8. Uzeirov A.A. Deviantnye formy povedeniya lichnosti: uchebno-metodicheskoe posobie /– Rostov N/D: Izd-vo RostGMU, 2017. – 30 s.
9. Qarabaev Sh.Q. Aleumettanu negizderi. Oqu quraly. – Almaty, Ekonomika 2012. – 616 b.
10. Internet-resurs: Grekhnev V.S. Deviacii povedeniya lyudej i pedagogicheskie vozmozhnosti ih korrekcii <https://www.socionauki.ru/journal/articles/143588/>